

# АКАДЕМИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ БОЛУ ҮШІН

Қазіргі әлеуметтік және экономикалық жағдайда құбылмалы еңбек нарығына тез бейімделе алатын әмбебап құзыреттерге ие мамандар ғана сұраныста. Нарық қазірдің өзінде дағдыларды үнемі дамытуды талап етеді, мамандықтар 2-3 жылда бір өзгеріп отырады. Өзгеріске жылдам ұшырап отыратын технологиялармен қатар, білім беру бағдарламаларының мазмұны да үнемі жаңартуды талап етеді, әсіресе техникалық және кәсіптік білім беру деңгейі жиі өзгерістерге ұшырайды.

**К**адрларды даярлау тәсілдерінің елеулі өзгерістерге ұшырауына байланысты, техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесі өндірістегі технологиялық өзгерістерге және еңбек нарығының сұранысына уақтылы бейімделе алмауда, өйткені колледждер жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуде үлгілік жоспарларға байланыстырылған және олардың мазмұнын тек 50%-ға дейін өзгерте алады.

Еңбек нарығының талаптарына сай мамандарды даярлау үшін нені өзгерту керек деген сұрақ туындайды.

Қазіргі білім берудің мәні – педагог студентке тек білім беріп қана қоймауы керек. Ең бастысы – ақпарат пен білімнің көптеген көздерін пайдалана отырып, оқытушы студентті ақпаратты дұрыс алуға, алған сол ақпаратты өңдеуде сыни тұрғыдан ойлауға және талдауға үйрету керек. Студенттер өздерінің академиялық құқықтары мен міндеттері жайлы ақпаратты білмегендіктен, білім беру қызметтерінің пассивті тұтынушылары болып табылады.

Осыған байланысты бүкіл әлемде, білім беру жүйесінде, ең алдымен, жоғары оқу орындарында академиялық еркіндік ұғымы қарыштап дамуда.

Барлық елдердегі «академиялық еркіндік» ұғымы негізінен академиялық бағдарламалар ұсынатын университеттермен және мекемелермен байланысты. «Академиялық еркіндік» ұғымына тікелей үш негізгі еркіндік жатады:

– зерттеу бостандығы: ғалым:  
а) өзінің ғылыми ізденістерінің бағыттарын тұжырымдауда; б) әдістемені таңдауда, егер бұл қолданыстағы заңнамаға қайшы келмесе; в) ғылыми этика сақталған жағдайда өз зерттеулерінің нәтижелерін бағалау мен таратуда (көпшілік алдында сөйлеу, дебаттар, ғылыми-публицистикалық мақалалар және т. б.) дербес;

– оқыту бостандығы: оқытушы өзі білім беретін жоғары оқу орнында қабылданған оқу процесі форматында студенттермен өз сабақтарын мазмұнды және әдіснамалық тұрғыдан еркін құруға, тіпті жалпыға бірдей қабылданған пікірге қайшы келсе де, өзінің ғылыми пікірін еркін білдіруге, осы тұрғыдан алғанда, оқу бостандығы сөз бостандығы, позиция, оның ішінде азаматтық, академиялық мамандану ретінде қабылдануы мүмкін;

– студенттің жалпы қабылданған оқу (дәрістер, практикалық, зертханалық сабақтар, сынақтар/емтихандар) және сабақтан тыс (жаз-



баша жұмыстардың барлық түрлері, дипломдық жұмыс/жоба, практика және т.б.) пәндер шеңберінде пәндерді таңдау еркіндігі.

**Университеттердің ағылшын тұжырымдамасының академиялық еркіндігінің ерекшелігі – оқытушыны тағайындау, стандарттарды анықтау және студенттерді қабылдау еркіндігі. Бұл идеалды институционалды автономия аясында жақсы сипаттауға болады және бұл студенттер мен оқытушыларға оқу процесін ұйымдастыруға берілген еркіндіктен өзгеше жағдай болып табылады.**

Оқу орындарының академиялық еркіндігін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне сәйкес әлемнің бірнеше жетекші елдерінің салыстырмалы кестесін қарастырайық.

Шет елдердің кәсіптік білім беру

Білім беру ұйымы деңгейіндегі академиялық еркіндік	Оқытушының академиялық еркіндігі	Студент деңгейіндегі академиялық еркіндік	Қолдану
<b>Финляндия</b>			
Бөлінген мемлекеттік бюджетті өз бетінше бөлу, мамандықтарды даярлауда басымдықтарды таңдау. Сұранысқа ие мамандарды даярлаудағы жауапкершілік. Білім беру ұйымын қаржыландыру түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштеріне байланысты. Отандық және халықаралық жобалау-зерттеу қызметін дамыту үшін жағдай жасаудағы жауапкершілік. Халыққа ақылы қызмет көрсету және өнім шығару. Колледждер арасында білім беру бағдарламаларын іске асырудың желілік формалары.	Оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдаудағы және оқыту бағдарламаларын құрудағы дербестік. Студенттермен жобалық-зерттеу қызметі дамыған. Міндетті, тұрақты тағылымдама және кәсіпорындармен байланыс.	Өмір бойы оқытудың жеке траекториясын құру. Оқу мерзімінің болмауы. Халықаралық ұтқырлық шеңберінде тағылымдамадан өту. Студенттің өз білімі үшін жауапкершілігі мен дербестігінің жоғары дәрежесі.	Университеттер мен колледждерде ECVET іске асырылады, білім берудің практикалық құрамдас бөлігі практикалық дағдыларды алу формаларының алуан түрлілігі (оқыту орындары, жобалау қызметі, кәсіпорындардағы жұмыс) есебінен күшейтілген. Университеттер мен колледждер студенттің қайда және қалай игергеніне қарамастан көрсете алатын барлық дағдыларын ескереді.
<b>Германия</b>			
Жеке даму стратегияларын анықтау. Оқу және зерттеу жұмысындағы басымдықтарды таңдау. Оқытушыларды іріктеу критерийлерін белгілеу. Ресурстарды бөлу.	Жұмыс берушінің талаптары негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Зерттеу бағытын немесе оқытушылық қызметті таңдау.	Болон процесіне сәйкесхалықаралық академиялық ұтқырлық.	Университеттер мен колледждерде дуальды оқыту іске асырылады.
<b>Англия</b>			
Оқытушылар құрамын таңдауға, стандарттарды анықтауға және студенттерді қабылдаудағы институционалдық құқық.	Оқу пәнін өз қалауы бойынша ұсыну, ғылыми зерттеулерге арналған тақырыптарды таңдау және оларды өз қалауындағы әдістер арқылы жүргізу, студентті ақпарат алуға, талдауға және ойлауға үйрету.	Өз мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім алу, өзінің оқу траекториясын қалыптастыруға қатысу.	Барлық сипатталғандар бакалвр дәрежесін беретін университеттер мен колледждерде қолданылады.

жүйесін зерделеу көп жағдайда (АҚШ, Финляндия, Англия және т.б.) колледждер оқу процесін ұйымдастыру мен өткізуде дербестіктің жоғары дәрежесіне ие екенін, сонымен қатар студенттің өз білімі үшін жеке білім беру траекториясын құру есебінен дербестігі мен жауапкершілігінің артатынын көрсетті.

Қазақстанда ТЖКБ жүйесі үшін академиялық еркіндік элементтерін бейімдеуде Финляндияның тәжірибесін зерделеу ең қолайлысы болып табылады.

Сондықтан, ТЖКБ жүйесінде кәсіптік білім беру мен оқыту үшін Еуропалық кредит жүйесі (ECVET) бейімделетін болады. ECVET – бұл кәсіби біліктілікке жету үшін оқыту нәтижелерін ауыстыруға, тану мен жинақтауға арналған техникалық құрал. ТЖКБ-ға кредиттік жүйені енгізудің негізгі мақсаты – студенттердің ішкі ұтқырлығын қамтамасыз ету, формальды және формальды емес білім беруді тану және оқу мерзімдерін дараландыру, сондай-ақ білім сапасын арттыру арқылы ТЖКБ тартымдылығын арттыру.

ECVET кредиті оның қайда және қалай алынғанына байланысты емес. Белгілі бір біліктілік бойынша модульді/оқыту нәтижелерін көрсету үшін бағалаудың ашық критерийлері маңызды болып табылады.

Қазіргі уақытта әр түрлі жағдайлар мен ситуацияларда икемді және ұтқыр ету мақсатында техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты қайта қаралуда. Осыған байланысты келесі оқу жылында білім беру бағдарламаларын оқу орындары академиялық еркіндік қағидаты бойынша қалыптастырады деп жоспарлануда. Бұл дегеніміз, колледждер нормативтік-құқықтық актілерді қатаң реттеуден босатылатынын білдіреді.

**Университеттердің ағылшын тұжырымдамасының академиялық еркіндігінің ерекшелігі – оқытушыны тағайындау, стандарттарды анықтау және студенттерді қабылдау еркіндігі. Бұл идеалды институционалды автономия аясында**

жақсы сипаттауға болады және бұл студенттер мен оқытушыларға оқу процесін ұйымдастыруға берілген еркіндіктен өзгеше жағдай болып табылады. Колледждер жұмыс берушілермен бірлесіп, еңбек нарығының қажеттілігін, өңірлік ерекшеліктерді, өндірістегі нақты мамандық үшін маңызды біліктер мен құзыреттерді және дағдыларды дамыту қажеттілігін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлейтін болады.

Білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктің күрделілігіне, санына байланысты болады және игерілген кредиттердің көлемімен айқындалады. Әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредитті құрайды.

Колледждерге академиялық дербестікті іс жүзінде іске асыру үшін оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу



кезінде міндетті оқытуға бөлінген кредиттердің жалпы санын сақтай отырып, циклдердің, модульдердің/пәндердің көлемі мен мазмұнын дербес айқындау құқығы беріледі.

Бұдан басқа, білім беру бағдарламаларын есепке алудың бірыңғай ақпараттық ортасын қалыптастыру мақсатында, ұлттық білім беру деректер қорының платформасы арқылы жұмыс

істейтін ТжКБ-ның білім беру бағдарламаларының тізілімі (бұдан әрі – тізілім) құрылатын болады. Білім беру бағдарламалары тәуелсіз сарапшылар мен білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау жөніндегі индустриялық кеңестің сараптамасынан өткеннен кейін тізілімге енгізіледі.

Осылайша, ТжКБ жүйесінің академиялық еркіндікпен байланысты жаһандық өзгерістерге ұшырауы, студенттердің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге, білім беру сапасын жақсартуға, сондай-ақ білім беру ұйымдарына неғұрлым икемді болуға және кез келген өзгерістерге тез бейімделуіне мүмкіндік береді.

**Гульвира Орынтайқызы  
ОШАҚБАЕВА,  
ҚР БжҒМ-нің техникалық  
және кәсіптік білім мазмұны  
және әдістемесі басқармасының  
басшысы**



#### АННОТАЦИЯ ○

Академическая свобода и мобильность наилучшим образом способствуют приобретению студентами колледжей современных знаний и навыков. О международных связях системы ТИПО в этом направлении и результатах сотрудничества – статья Гульвиры Ошакбаевой.